

Олигополия нарығы

Олигополия нарығына тән белгілер

Олигополия (*oligopoly*)-нарық құрылымының түрі. Мұнда сату көлемінің қомақты бөлігін бірнеше ірі фирмалар жасайды және олардың әрқайсысы нарықтық бағаға әсер ете алады.


Өндірістің техникалық күрделі салаларының бәріне жақыны: металлургия, химия, автомобиль құрылысы, электроника, кеме мен ұшақ құрылысы және т.б. нарық құрылымының осы түріне жатады.

Олигополияның ерекшеліктері:


1. Нарықта басым фирмалар болады, олардың саны көп емес.
2. Олигополиялық фирмалардың нарықтық үлестері көп болады, сондықтан бағаға монополиялық билік жүргізе алады.
3. Осындай әрбір фирманың сұраныс қисығы төмен қарай бағытталған болады.
4. Олигополиялық нарықтың басты сипаты- фирмалар бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелді.
5. Салаға жаңа фирмалардың кіруіне айтарлықтай кедергілер қойылады.

Курно моделі

Екі олигополистің іс әрекетін зерттейтін модельді алғаш рет 1838 жылы француз экономисі Огюстен Курно ұсынды. Екі фирма іс-әрекет жүргізетін олигополия-дуополия деп, ал модель-Курно дуополиясы деп аталады.




Курно моделі



Курно тепе-теңдігі

Бағалық қақтығыс

Бағалық қақтығыс (*price war*)-олигополиялық нарықтан өз бәсекелесін ығыстыру мақсатында бағаны тізбектеп төмендету циклі. Бағалық қақтығыс нәтижесінде өнім көлемі баға деңгейіне жетеді, фирмалар жетілген бәсеке жағдайындағы тәрізді болып, экономикалық пайда ала алмайды.




Бертран тепе-теңдегі

“Тұтқындар дилеммасы” моделі

Бұл модель фирмалардың іс-әрекетін ойындар теориясы (*theory of games*) тұрғысынан қарастырады, яғни қатысушылардың ықтималдық жағдайлардағы іс-әрекетін математикалық тәсілдермен зерттейді.

А және В фирмалары үшін оқиғалардың ықтимал нұсқалары нәтижелер матрицасында (*payoff matrix*) келтірілген:

А фирмасының бағалық стратегиясы	В фирмасының жауап ретіндегі реакциясы	
	Бағаны төмендету	Бағаны өзгертусіз қалдыру
Бағаны төмендету	П-азаяды	П-азаяды
Бағаны өзгеріссіз қалдыру	П-көбейеді	П-өзгермейді



"Сұраныс сынық қисығы" моделі

Олигополиялық іс-әрекеттердің түрлері

А.Картельдік келісім


Жасырын бітім(ымыра)-картельдер қалыптасуына жетелейтін олигополиялық фирмалардың іс-әрекеті.

Картель(*cartel*)-біртұтас монополия болу үшін өнім шығару көлемі мен тауардың бағасы жайындағы шешімдер бойынша бір ымыраға келуші фирмалар тобы.

Бірыңғай баға белгілеу-картельдің барлық мүшелерінің түсімдерін жоғарылатады,бірақ бағаның жоғарылауы міндетті түрде сату көлемінің төмендеуімен қатар жүреді.

Жасырын бітім жасауға кедергілер:

1. Сұраныс пен шығындар айырмашылықтары.
2. Саладағы фирмалар саны.
3. Искерлік белсенділіктің кенеттен төмендеуі.
4. Салаға басқа фирмалардың кіру мүмкіндіктері.
5. Бағалық дискриминация принципі бойынша бағаны жасырын төмендетуге негізделген алдампазық.



Картель

В.Бағадағы көшбасшылық.

Бағадағы көшбасшылық(*price leader*)-бұл өз өнімдерінің бағасы туралы олигополистер арасындағы келісім.

Көшбасшының бағаны түзетудегі тәсілі:

- 1.Бағаны түзету сирек болады және шығындардың біршама өзгеруіне байланысты ғана жүргізіледі.
- 2.Жақында бағаны қайта қарау болатыны туралы алдын ала бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлар беріліп отырады.
- 3.Баға көшбасшысының ең жоғарғы деңгейдегі бағаны таңдауы міндетті емес.

С.Бағаны тежеу тәжірибесі.

Бұл нарыққа басқа фирмалардың кіруіне кедергі түрінде ең төменгі деңгейдегі баға белгілеу тәжірибесі.

Д.“Шығындар плюс” принципі бойынша бағаны қалыптастыру.

Олигополист алғашқыда өнімнің белгілі бір жоспарлы деңгейіне сәйкес келетін орташа айнымалы шығындарын(AVC) бағалайды,ал содан кейін оған анықталған пайда пайызының мөлшерінде “үстеме” қосады: $P=AVC + \text{“үстеме”}$. “Үстеме” AVC-ті жауып , қалыпты пайданы қамтамасыз етеді.